

«Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті лицензиялау ережесін және қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 тамыздағы № 735 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 1362 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1362 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.25 № 1362 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Рұқсат беру жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті лицензиялау ережесін және қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 тамыздағы № 735 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 32, 348-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту
т у р а л ы » ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке қойылатын біліктілік
т а л а п т а р ы **б е к і т і л с і н .**» .

2. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов